

## Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 14 наурыздағы № 61 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 3 сәуірде № 6961 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 285 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 30.11.2021 № 285 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31 - бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 9 - бабына сәйкес, Федоров ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жұмыскерлердің мынадай тізімдік саны бар ұйымдарға ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота:

1) елуден жүз адамға дейін - жұмыскерлердің тізімдік санының екі пайызы мөлшерінде;

2) жүз бірден екі жүз елу адамға дейін - жұмыскерлердің тізімдік санының үш пайызы мөлшерінде;

3) екі жүз елу бірден артық адам - жұмыскерлердің тізімдік санының төрт пайызы мөлшерінде белгілеу.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау әлеуметтік мәселелері жөніндегі аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Т. Исабаев*